

DOI 10.54596/2958-0048-2024-1-133-141

ӨОЖ 378.

ҒТАМА 50.51.17

ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР МЕН ЖҮЙЕЛІЛІК СИПАТЫ

Абдуова Б.С.¹, Қожаева Ә.Т.¹, Төлешева Г.Қ.^{2*}

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан Республикасы

^{2*}М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Петропавл, Қазақстан Республикасы

*E-mail: kurman.gulim@mail.ru

Аңдатпа

Кез келген тіл үйретудегі негізгі ережелердің бірі – оқылым арқылы тілдік құзыреттілігін арттыру, еркін сөйлесуге дағдыландыру. Сонымен бірге оқу – сөйлеуге қарағанда оңай әрекет, онда дамудың кез келген деңгейінде практикалық мәні бар мәтіндерді меңгеру арқылы жетістікке қол жеткізуге болады. Дұрыс таңдалған тақырыптар студенттердің қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, күнделікті өмірде қолданыс дағдыларын да туғызады. Мәтіндерді көп оқу нәтижесінде білім алушыда қазақ тілін жақсы меңгеру біліктілігі қалыптасады, бұл кейінгі ауызша еркін сөйлесе білуге үлкен ықпал етеді.

Оқылымдағы мәтін алды тапсырмалар, мәтін деңгейіндегі жаттығулар, мәтіннен кейінгі орындалатын әрекеттер оқуға үйретудің ажырамас бөлшегі болып саналады. Оқылымдағы мәтіндерде тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, көрікті ойды танытатын сөздік оралымдар, монолог, диалог үлгілері, танымдық сипаттағы ойлар болуына мән берілгені жөн. Сол арқылы білім алушы қазақ халқының ұлттық болмысын да тани түсері анық. Мәтін таңдалғанда оның стилі, мазмұны, аудиторияда отырған студенттердің тілдік деңгейі, мақсаты, жанры мен формасы да ескеріледі. Мәтін оқылым стратегиясына қатысты қолданылады.

Түйін сөздер: оқылым, мәтін, оқытудың мақсаты, мазмұн, оқыту талаптары, оқылым бойынша жұмыс түрлері.

СИСТЕМА ТРЕБОВАНИЙ И ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТЬ ЗАДАНИЯ НА ЧТЕНИЕ

Абдуова Б.С.¹, Қожаева А.Т.¹, Тулешева Г.Қ.^{2*}

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан

^{2*}Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Петропавловск, Республика Казахстан

*E-mail: kurman.gulim@mail.ru

Аннотация

Одно из главных правил обучения любому языку – совершенствовать языковую компетентность посредством чтения, привыкать свободно говорить. В то же время чтение является более легким занятием, чем говорение, успех в котором может быть достигнут путем усвоения текстов, имеющих практическое значение, на любом уровне развития. Правильно выбранные темы не только повышают интерес учащихся к казахскому языку, но и формируют практические навыки в повседневной жизни. В результате чтения большого количества текстов учащийся имеет возможность хорошо овладеть казахским языком, что в значительной степени способствует впоследствии свободно говорить.

Предтекстовые задания по чтению, упражнения на уровне текста и послетекстовые действия считаются неотъемлемой частью обучения чтению.

Важно обращать внимание на наличие в текстах при чтении устойчивых выражений, пословиц, словосочетаний, выражающих красивую мысль, монолога, образцов диалога, познавательных мыслей. Понятно, что студент познакомится с национальной самобытностью казахского народа. При выборе текста также учитываются его стиль, содержание, языковой уровень сидящих в аудитории студентов, цель, жанр и форма. Текст используется в соответствии со стратегией чтения.

Ключевые слова: чтение, текст, цель обучения, содержание, педагогические требования, виды работы по чтению.

SYSTEM OF REQUIREMENTS AND SEQUENCE OF THE READING TASK

Abduova B.S.¹, Kozhaeva A.T.¹, Tulesheva G.K.^{2*}

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan*

^{2*}*M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan*

**E-mail: kurman.gulim@mail.ru*

Abstract

One of the main rules of learning any language is to improve linguistic competence through reading and get used to speaking fluently. At the same time, reading is an easier activity than speaking, success in which can be achieved by mastering texts of practical importance at any level of development. Correctly chosen topics not only increase students' interest in the Kazakh language, but also form practical skills in everyday life. As a result of reading a large number of texts, the student has the opportunity to master the Kazakh language well, which greatly contributes to subsequently speaking fluently.

Pre-text reading activities, text-level activities, and post-text activities are considered an integral part of reading instruction. It is important to pay attention to the presence in texts when reading of stable expressions, proverbs, phrases that express a beautiful thought, monologue, examples of dialogue, cognitive thoughts. It is clear that the student will become acquainted with the national identity of the Kazakh people. When choosing a text, its style, content, language level of students sitting in the audience, purpose, genre and form are also taken into account. The text is used in accordance with the reading strategy.

Keywords: reading, text, purpose of learning, content, pedagogical requirements, types of reading work

Кіріспе

Орыс тілді топтардағы қазақ тілін оқыту, меңгерту тәсілдері мен білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі отыз жылдан астам уақыт бойы айтылып келе жатқан бұл мәселе әлі шешімін таппай отырғаны анық. Ұлы ағартушылар салған жолдардан басталатын тіл үшін күрес нәтижесіз деуге келмес, оқыту түрлері мен әдістемелік тәсілдер дамып, жетілдіріліп келеді. Дегенмен әлі де дiттеген мақсатқа жетпей жатқаны анық. Жастарға қазіргі заман талабына лайық білім алуы қажет дегенді жиі айтамыз. Соған орай өзі таңдаған мамандығын шебер білуі, бәсекеге қабілетті болуы, ұлтжанды азамат болып қалыптасуы, келешектің кемел болуына аянбай еңбек етуге міндетті деумен қатар басқа да көптеген талаптарды қоятынымыз рас. Бұған оларға берілетін білім сапасы айтарлықтай әсер ететіні даусыз. Білім сапалы болуы тиіс, яғни ең алдымен «нені оқыту керек?» деген сұраққа жауап беретін нақты бағытқа сүйену қажет. Жеке тұлғаның дамып, кәсіби шеберлікке жетуі көбіне оның алған білімінің сапасына байланысты. Жоғары оқу орындарында бекітілген типтік бағдарлама негізінде оқу құралдары дайындалып, студенттердің білім алу үдерісінде қолданылады. Сондай тәртіп негізінде таңдалатын тақырыптар мен соған қатысты грамматикалық жаттығулар оқытушының біліктілігіне тікелей қатысты.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында сипаттама, тілдік талдау, жүйелеу, жинақтау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Орыс тілді

аудиторияда оқылым мақсаты бастапқыда мазмұнды жалпы қамту арқылы жүзеге асуы тиіс. Онда студент еркін оқу, негізгі айтылмақ идеяны табу әрекеттері арқылы білімін дамытуы қажет. Бұндай әдістер оқылымға қатысты тапсырмалар жүйесін біріздендіруге ықпал етеді.

Талқылау мен бақылау. Оқылым кезінде алынған мәтін көлемі, тілдік деңгейі, жаңа сөздерді қамту көрсеткіші, танымдық, қажеттілік, мазмұндық, ұлттық құндылықтарға сәйкестік секілді өлшемдер үдесінен шыққанын аңғару абзал. Ыбырай Алтынсарин екі сыныптық мектеп меңгерушісіне жазған нұсқау хатында: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...» [1, 12] дейді. Сонымен берге ұлы ағартушы оқулықтар мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын болуы керектігіне баса мән берген. Ұлы ағартушыдан тәлім алған көптеген шәкірттері де қазақ ұлтының оқу-ағарту саласын дамытуға орасан еңбек сіңірген. Солардың біразы Алаш қайраткерлері болғаны белгілі. Ұстазы Ы. Алтынсариннің оқу-ағарту мәселесіне байланысты идеяларын әрмен қарай дамытқан тұлғалардың бірі М. Дулатұлы. Педагог, ғалым М. Дулатов оқу-тәрбие мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға, атап айтқанда: оқытудың жаңа әдіс-тәсілдеріне, шәкірттердің жаңа бағдарламалар арқылы білім алуына, ғылыми дидактикалық қағидаларға сәйкес сабақ жүргізуге ерекше мән берді. Бұл айтылғандарды оның «Мұғалімдерге» атты мақаласынан (1915), «Қирағат» кітабына жазған алғы сөзінен жақсы байқауға болады: «... балаларды оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылым – педагогика... Мектеп программасында бірінші орын алған нәрсе қирағат, баяндап оқыту... Қирағаттың мақсатын түсінбеген мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды... Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге қалай үйретпек керек? Баланы оқыған нәрсесін бір-біріне ұйкастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіруі керек» [2].

Әр сөйлемнің астарлы мағынасы, жанама ой, қосымша ақпараттар секілді тапсырмаларды емес, мәтінді түсіну, ондағы қажетті тілдік материалды игеру назарда болғаны жөн. Мұнда ешқандай талдау элементтерін қолданбауға тырыса отырып, жалпы түсіну әрекетіне басымдық берілгені қажет. Оқылымның келесі шарты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты білім алушыға жеткізу, құзыреттілігін арттыру. Оқылым тапсырмасы бойынша тіл үйренуші қажетті ақпаратпен танысып, оны өзінің тәжірибесі негізінде түсінеді, қабылдайды және ой түйеді. Оқылым арқылы тіл үйренушінің танымы кеңейеді, жаңа сөздерді меңгереді, дағды әрекеті жүзеге асады, оқылған материалдардан керек ақпараттарды алады, қарым-қатынас қажетіне жаратады. Ол әрекеттердің негізгілері:

Мазмұнын түсіну үшін оқу – мәтіннің жалпы мағынасын түсіну үшін оқу;


Мәтін ішіндегі негізгі ақпараттарды тауып оқу;

Мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару;

Мұқият оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу.

Осындай әрекеттерді үнемі дағдыға айналдырып отыру арқылы білім алушы белгілі бір уақыт ішінде өз біліктілігін, тілдік құзыреттілігін жетілдіретіні даусыз. «Егер бұрынғы дәстүрлі әдістемеге сәйкес, мәтінді алдын ала оқу кезінде “мәтінді оқыңыз”

деген жай бір ғана тапсырма берілсе және оқыған ақпаратты ғана түсінуге басты назар аударылса, ал енді зерттеу мәліметтеріне сәйкес, оқылым стратегиялары қолданылса, оқушы мәтінді оқып, талдау жасаса, оған қол жеткізетін нәтиже соғұрлым оңай болады. Мәтінге дейінгі индикативті стратегиялар оқу тапсырмаларын орындауға, оқу түрін таңдауға, алдыңғы білім мен тәжірибені, мәтіннің ұғымдары мен сөздігін жаңартуға, сонымен қатар оқуға деген ынтаны қалыптастыруға бағытталған. Мұндай алдын ала жасалынатын ақыл-ой жұмысы көп жағдайда ұзақ оқуды бағыттайды, мәтіндегі басты нәрсені бөліп көрсетуге көмектеседі [3, 66] дегендей, оқыту бойынша нақты жоспар құрып алған жөн. Егер осы көрсетілген ақпараттарды слайд ретінде ұсынсақ, мынадай көрініс шығады:



Тіл үйренуде алдымен ауызекі сөйлесу, қарапайым қарым-қатынасқа қажетті лексикалық қорды меңгеру қаншалықты маңызды болғанымен, оқылым әрқашан тіл әрекетінің ең маңызды аспектілерінің бірі бола береді. Сондықтан білім беретін ұстаз ең алдымен тақырып қарастырғанда, оған қатысты жұмыс түрлерін дайындағанда студенттерді жалықтырмайтын, қызығушылығы мен танымдық тартымдылығы бар мәтіндерді тандай білгені абзал. Керісінше болған жағдайда, яғни білім алушы қазіргі өзі қызығып айта алатындай мәтіндерді таппаса, тіл үйренуі нашарлайды. Оның салдары біраз уақыт оқығаннан кейін студенттің нәтиже шығармауынан, тілдік біліктілігіне деген сенімділігін жоғалтқанынан көрінеді.

Оқытудың тиімділігі студентке қазіргі уақытта қазақ тілінің қаншалықты қажет екендігін, оның өмірде қолданыс аясының кеңейіп келе жатқандығын айтып түсіндіруден көрінбейді. Керісінше қазақ тілін өмірлік жағдайда бірден іс жүзінде қолдана алатындығын түсінгенінде оң әсер етеді. Өйткені қазақ тілін күнделікті қолдану үшін оқу қажеттілігін сезінгенде білім алушыда сенімділік ұлғаяды, өз тәжірибесінде дамытуға күш салады.

Оқу және күнделікті тұрмыстық салада қарапайым қатынас үшін қажетті әрі жеткілікті сөздік қорды қалыптастыру керек. Ұстаз мәтінде кездесетін сөздердің

арасынан жиі қолданыста болатын сөздерді пысықтатуды назарға алғаны жөн. Бұл лексиканы барынша аз көлемде беру керек деген сөз емес. Керісінше жиі қолданыста болатын сөздерді бекітіп алған соң, онымен сөйлемде кездесетін басқа тіркестердің, оралымдардың мағынасын ашу қиындық тудырмайды. Сонымен қатар сөздік жұмыстарын да тақырып бойынша ұйымдастырылғаны жөн.

Нәтижелер. Ахмет Байтұрсынов: «Осы бастан бұлтақтамай, істің бетін тура ашып алатын нәрсе мынау: орысша оқымасын демейміз, өз тілінен жиренбесін. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Ал қазақ тілін сақтау керек» [4,65] деген пікірін жадымыздан шығармай, орыс тобында оқитын студенттерге қазақ тілінің бар нәрін қалай сіңіре аламыз? Бұндай топтардың көбінде қазақ ұлтының жастары болатыны тағы белгілі. Ендеше оларды қызықтыратын, сөйлеу дағдысын арттыратын қандай мәтіндерді таңдау керек дегенге келейік. Ол үшін қазіргі жастарды ойландыратын тақырыптарды басшылыққа алу қажет. Мысалы: «Жастар және жұмыссыздық», «Бақыт ақшада ма?», «Жас отбасындағы түсініспеушілік», «Бос уақытты қалай жұмсаймын?», «Маған ұнайтын жаңалық», «Менің қабілетім», «Табысты болудың сыры», «Адамгершілік деген не?», «Агрессия неден туындайды?», «Отбасы бақытының сыры», «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден», «Менің үлгі тұтар адамым», т.б. Осындай тақырыптарға өз ойын айтпайтын студент болмайды. Бұл тұста ұстаздың міндеті олардың айтқан ойымен келісу не келіспеуде болмау керек, қазақ тілінде сөз сөйлеу, ойын жеткізуде қолданған әдістерін дұрыс бағыттауда болуы қажет. Үлгі ретінде төмендегі шағын мәтінді алайық:

«Қазіргі дүрбелеңге толы мына дүниеде жақсы тәрбиелі болмасаң, парасатың мен ішкі мәдениетің төмен болса, ұлтжанды бола алмасаң, онда алған керемет білімің, қымбат мүлкің, бірнеше тілде еркін сөйлеуің, сымбатың мен көркің, жарқ-жұрқ еткен көңілді өмірің, бәрі-бәрі бекер. Сын сағатта ғана мансап, байлық, атақ қуғандар өзі ұмтылған, өзі дұрыс деп санаған өмір жолының, ұстаған бағытының қате екендігін кеш ұғынады. «Жақсылық жасап үлгермедім-ау» деп қамығады екен. Өмірде жақсы мінезді, мейірімді, бауырмал, елін сүйген жандар ғана қалың көпшілікке ұнайды. Сол жанға ұқсауға тырысады. Мысал ретінде алысқа бармай-ақ, Димашты алайық. Оның танымалдылығы, күміс көмей, жез таңдай әншілігі – екінші қыры. Ең басты қыры – ұлтжандылығы, қазақы болмысы, бекзаттығы, қарапайымдылығы, көптеген ізгі қасиеттері «ұл болсаң, осындай бол» дегізгендей».

Енді осы мәтіндегі негізгі ойды студенттердің түсінген не түсінбегенін анықтау мақсатында мынадай сұрақ қоюға болады.

Берілген оймен келісесіз бе?

Алып-қосарыңыз бар ма? Түсіндіріңіз.

Сіздің тәрбие туралы түсінігіңіз қалай?

Бұған бөлек осы мәтіндегі біраз сөздер және сөз тіркестерімен жұмыс істеуге тапсырма берген дұрыс. Атап айтқанда: «дүрбелең, ұлтжанды, мансап, мүлік, қамығу, көпшілік, күміс көмей, жез таңдай, қыр, бекзаттық, ізгі қасиеттер» деген сөздердің баламасын табыңыз және аудармасын айтыңыз. Тұрақты тіркестердің мағынасын тарқату тәсілі де білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға үлкен ықпал етеді. «Фразеологизмдерді білу тек мамандар үшін ғана құнды емес, жалпы тіл ұстартам, тіл қазынасынан нәр аламын, тіл жұмсау шеберлігін шыңдаймын деген талапкер қауым үшін де, әсіресе, автор бағыштап отырған жас ұрпақ, өскелең өрендер үшін де пайдасы зор болмақ» [5,142] деген тұжырымды оқытушылар естен шығармауы қажет.

Осындай тапсырмаларды орындатып болғаннан кейін ғана студенттің қаншалықты мәтінді түсінгені белгілі болады. Мәтінде кездесетін таныс емес сөздермен жұмыс

істетудің негізгі мақсаты – сөздік қорды ұлғайту ғана емес, әдеби тіл нормасына да дағдыландыру. «Ағылшын тілін оқытудың мектеп бағдарламасында тіл үйренудің нақты ережелері бар: әр білім алушы курсты аяқтаған кезде ағылшын тілінің 2,5-3 мың сөзін білуі тиіс. Тіл мамандарының тәжірибесінен шыққан қарапайым статистикасында: 2000 сөзбен көркем мәтіннің 90% түсінуге болады; 2500-2600 сөздік қор көлемімен мәтіннің 96% түсінікті болады және 5000 сөзді игерген адам шамамен мәтіннің 100% түсіне алады. Бұл қарапайым статистика көп жағдайда көркем шығармаға қатысты, себебі олар арнайы терминдерді білуді талап етпейді, сондықтан оны кез келген жасөспірім игере алады. Осыдан шығатын қорытынды: ағылшын тілін меңгеруге 2-5 мың сөзді игеру жеткілікті» [6] деген пікірді қазақ тіліне де қатысты қолдануға болады. Орыс мектептерінде қанша жыл қазақ тілін оқып келгенімен, қарапайым сөйлесу дағдыларын меңгермеген білім алушылар аз емес. Олардан лексикалық минимумды талап ету арқылы оқылым, айтылым, жазылым құзыреттіліктерін тексеріп барып, қорытынды бағалау жүзеге асырылса жақсы болар еді. Расын айтқанда мектеп бітіруші түлектердің басым бөлігінде аттестаттағы қазақ тілі бойынша қойылған ұпайы шындыққа жанаспайды.

«Қазақ тілінің Қазақстанда мемлекеттік тіл және ұлтаралық қатынас тілі ретінде толыққанды қызмет жасауына жеткізетін жолдардың бірі – түрлі ұлт мектептерінің оқушыларына қазақ тілін бір, ортақ лексикалық материал негізінде үйрету. Тек осындай жағдайда ғана олардың бәрінде баршаға ортақ сөздік база жасалуы мүмкін. Осы міндетті шешуге қазақ тілінің ұлттық орта мектептерге арналған ортақ лексикалық минимумы мүмкіндік жасайды. Мұндай сөздіктің көлеміне келер болсақ, әдістемешілердің көпшілігі тілді белсенді түрде меңгеру үшін 3-4 мың лексикалық бірлікті жеткілікті санайды. Он жыл бойы қазақ тілі оқылатын мектепте – 4 мың болса, жеткілікті» деген әмбебап лексикалық минимум құрастыру туралы пікірлер де бар [7]. Бұндай пікірді орыс тілі әдіскерлерінен де көруге болады [8]. Мұнда зерттеушінің айтпағы орта мектепті бітіруші орыс тілді оқушының лексикалық минимумында төрт мыңдай қазақша сөздік қор болса, онда оқылым мен жазылым тапсырмаларын сауатты орындауға мүмкіндігі жақсы болмақ дегенге саяды. Әрине жоғары оқу орнына түскеннен кейін оқылым бойынша тапсырмалар мектептегі жүйеден қатты алшақтап кетпейді. Яғни мәтіндегі жаңа сөздерді меңгеру, сөздердің антоним, синонимдерін табу, сөйлемді/мәтінді мағыналық жағынан сәйкес сөздермен толықтыру, мәтіннен берілген сұраққа жауап табу, көрсетілген сөйлемді өз ойымен жалғастыру, сөйлемді аяқтау, тірек сөздерді айту секілді көп әдістер қолданылады. Егер кешегі мектеп оқушысы, бүгінгі жоғары оқу орнының білім алушысында тиісті сөздік қор болса, онда оқу бағдарламасында берілетін тапсырмалар қиындық тудыра қоймайды.

Оқылым – тіл үйренушінің оқу сауаттылығын арттыру деп түсінсек, онда осы дағдыларын жақсартпайынша жазылым кезеңі де жүзеге аспайтыны айдан анық. Оқылымның тапсырмалары ары қарай жазылымды дұрыс орындауға ықпал етуі керек. Үлгі ретінде тағы бір мысал алайық:

«Біріккен Ұлттар Ұйымының көтерін отырған ең басты мәселесі – қоршаған ортаны қорғау. Мінберде ғалымдар, мамандар ғаламдық жылудың салдарын азайтудың жолдарына тоқталды. Бүкіл шер шарында температураның 1 градусқа артуы орасан өзгерістер әкеледі. Барлық жерде су деңгейі көтеріліп, көп аймақ су астында қалады, ХХІ ғасырдың аяғына дейін қоршаған ортаның температурасы 1,4 градустан 5,8 градусқа дейін артуы мүмкін. Антарктикада да, мәңгі мұз болып қатып қалған жерде әлемдік көмір қышқыл газының 14 пайызы сақталады деген ғылыми қорытынды жасалып отыр. Климат өзгеріп, ғаламдық жылу басталған кезде сол мәңгі

мұздақ жер өзіндегі көмір қышқыл газын босатады. Температураның артуы Гренландия мен Солтүстік мұзды мұхит мұздықтарының еруіне әкелуі мүмкін. Ол Гольфстрим жылы ағысын бұза алады.

Мұнайлы аймақтарда жүргізілген жұмыстардың салдары – жер бетінің құнарлы қыртысының біржолата жойылуына, ауыз су тапшылығына апарып соқтыратыны белгілі. Тағы бір қатер – мұнай, газ өндірісі орналасқан аудандардағы жер астындағы жасанды бос кеңістіктердің пайда болуы. Ол – шектеулі жер сілкіністерінің шақыртқысы. Мысалы Өзбекстандағы Газли, Түркменстандағы Құм-даги, Татарстан, Башқұртстандағы, әлемдегі басқа да мұнайлы елдерде болған осы тектес күшті жер дүмпулері соған дәлел.

Қазақстандағы Байқоңыр ғарыш айлағынан ғарыш кемелері ұшырылған сайын да озон қабаты тесілуде. Нәтижесінде сол аймақтың ауа райы бұзылып, желдің жылдамдығы артып, кейбір уақытта шілде айында бұршақ жауа бастады. Демек барлық мемлекеттер ХХІ ғасырдың күрделі проблемаларын шешу үшін БҰҰ көрсеткен міндеттерді нақты орындау жолында қызмет етуге тиіс [9].

Тапсырмалар сипатын өз студенттеріңіздің шамасына қарай реттестіріңіз: Осындай шағын мәтінді оқытып болған соң, асты сызылған сөздердің баламасын немесе орысша аудармасын топтан сұраңыз, есте сақтауы үшін дәптерге жазуды тапсырсаңыз да болады.

Келесі әрекет – студенттер мәтін негізінде бірнеше сұрақ дайындасын.

Сөйлемді сөзбе-сөз қайталап айтып, сұраулық шылаумен немесе «нені?», «қандай?», «кімдер?», «не?» т.б. секілді бір сөзді ғана өзгертіп, сұрақ қоюға болмайтынын бірден ескертіңіз. (*Кімдер ғаламдық жылыну туралы айтады?, ненің он төрт пайызы сақталған?, Гольфстрим жылы ағысын бұза ала ма?* деген тәріздес оңай сұрақтар қойылуына жол бермеңіз, себебі оның жауабын көз жүгіртіп тез тауып алуға болады)

Үлгі ретінде өзіңіз бір сұрақ айтсаңыз болады. Мысалы, «*ауыз су тапшылығы неден туындайды деп ойлайсыз?*» деген сипатта болсын. Студенттердің өздері сұрақтар құрастырғанда ойлануға, қазақша сөз оралымдарын жаттауға дағдыланады. «*Қиын және оңай сұрақтар*» әдісін де қолдануға рұқсат берген артық болмайды.

Өзіңіз тест құрастырыңыз. Сол секілді тест тапсырмасын топтық жұмыс ретінде ұсынсаңыз болады. Бас-аяғы он тест сұрағынан тұратын болса, соның екеуін не үшеуін өзіңіз құрастырыңыз, қалғанын студенттердің өздері ойластырып, дайындауына итермеленіз. Бұл да жақсы әдіске жатады. Мысалы:

1. «Мінбер» сөзінің аудармасын көрсетіңіз:

- А) Конференция
- В) Интервью
- С) Трибуна
- Д) Зал

2. Жер бетінде температураның артуынан болатын өзгерістер – ...

- А) Мұздықтар ериді.
- В) Ауа райын суытады.
- С) Ауыз су мөлшері көбейеді.
- Д) Құрлықтар шөлге айналады.

3. Мұнай, газ өндірілген аймақтарда болуы мүмкін табиғат апаты – ...

- А) Су тасқыны
- В) Жер сілкіну

С) Қуаңшылық

Д) Жер эрозиясы

Алдымен сіз құрастырған тест сұрақтарына жауап берген соң, осы үлгі негізінде ары қарай өздері де құрастырсын. Себебі топтық не жұптық жұмыс олардың қызығушылығын тудырады. Келесі тапсырманы үйге не өздік жұмысы ретінде ұсыныңыз: *«Жүз жыл бұрын, дәл қазіргі мезгілде...» деген тақырыпта ауа райын, табиғат келбетін салыстыратын ақпараттарды ғаламтор бетінен тауып, өткен ғасырларға шолу, алдағы жылдарға болжам жасаңыздар, бір-біріңіздің ақпараттарыңызды дәлелдермен толықтырыңыздар. Үлгіні басшылыққа алыңыздар.*

Жүз жыл бұрын	Биыл	Алдағы елу жылдан соң

Оқылымға қатысты осы секілді жұмыстарды түрлендіріп, өзіңізден гөрі білім алушылардың белсенді жұмыс істеуіне мән беріңіз. Сонда тіл үйрену біршама жылдам өрістейтінін аңғарасыз. Алаштың ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы оқулықтарда тілдік тақырып өтілгеннен кейін жаттығулардың берілуіне баса назар аудару қажет екендігіне тоқталады. Жаттығулар тілдік дағды мен сынау бағытындағы тапсырмалармен бекітілуі керек деп санайды. «Оқу мектептерінен шыққан балаларда мәніс білім болғанмен, әдіс білім бола бермейді. Әдіссіз тек мәнсіз білім – өлі білім. Тіршілік – тірлік саласы. Тірлік шарасына үйретілетін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімге адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар білгенде ғана қол жеткізеді» [10,109] деп жазады. Ғалымның оқытудағы басты ерекшелік тапсырма мен мәтін бірізді, үйлесімді болуы керек деген пікірі өзекті болып қала береді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда мектепте болсын, жоғары оқу орында болсын, тілді оқытуда мәтінмен жұмыс жасау – ең қажетті тәсіл бола бермек. Қазір кей жоғары оқу орындарындағы орыс тілді топтарда жүргізілетін қазақ тілі курсы жылына практикалық 90 сағатпен шектеледі. Бұл курс тек бірінші жылы ғана екі семестр көлемінде өтіледі де, келер жылға жалғаспайды. Демек, оқытушылар осы қысқа мерзімде студенттер оқитын сапалы оқу құралын қолдануы қажет. Білім алушылар мәтіндегі сөздермен таныса отырып, оның қолданылу саласына ерекше көңіл аударумен қатар, есте сақтауға, оларды сөздік қорына енгізуге, тиісті жерде пайдалануға дағдыланады. Демек оқытушы тарапынан да, білім алушылар тарапынан да қазақ тіліндегі қажетті, танымды кеңейтетін, қызықты ақпаратқа ие, ұлттық құндылық негізіне сүйенген мәтіндерді игеру мен ниеттестік қатар үйлессе, онда тіліміздің бар байлығы ары қарай да өрістей берері анық.

Әдебиет:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1994.
2. Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991. – 238 бет.
3. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, №1 (83). - Алматы, 2023. <https://bulletin.philology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/>
4. Алаштың тілдік мұрасы. - Алматы: Palitra Press, 2013. – 328 бет.
5. Ұлы дала тұлғалары / Академик Исмет Кеңесбайұлы Кеңесбаев. Алматы: Шапағат-Нұр, 2013.
6. <https://tilalemi.kz/article/2564-.html>
7. Дәрмен М. Лексикалық минимумдарды түзу және қалыптастырудағы ағылшын тілінің тәжірибесі // <https://tilalemi.kz/article/2564-.html>

8. Пяткова О.Б. Формирование стратегий смыслового чтения текстовой информации у обучающихся // Научно-методический электронный журнал «Концепт». - 2017. - № V7. - 0,3 п. л. - URL: <http://e-kon-sept.ru/2017/170162.htm>.
9. Абдулпаттаев С. Ауа райының өзгерісі әлемдік апатқа соқтырады // <https://studfile.net/preview/5427258/page:4>
10. Ұлы дала тұлғалары / Ахмет Байтұрсынұлы. - Алматы: Шапағат-Нұр, 2013.

References:

1. Altynsarin Y. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: Fylym, 1994.
2. Dulatov M. Shyғarmalary. - Алматы: Zhazushy, 1991. – 238 bet.
3. Abaj atyndary QazҰPU Habarshysy «Filologiya ғылымдары» seriyasy, №1 (83). - Алматы, 2023. <https://bulletin.philology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/>
4. Alashtyñ tildik mұrasy. - Алматы: Palitra Press, 2013. – 328 bet.
5. Ұлы дала тұлғалары / Akademik Ismet Кеңесбайұлы Кеңесбаев. Алматы: Shapaғat-Nұr, 2013.
6. <https://tilalemi.kz/article/2564-.html>
7. Dərmen M. Leksikalyk minimumdardy tyzu zhəne kalyptastyrudary aarylshyn tiliniñ təzhiribesi // <https://tilalemi.kz/article/2564-.html>
8. Pyatkova O.B. Formirovanie strategij smyslovogo chteniya tekstovoj informacii u obuchayushchihsya // Nauchno-metodicheskij elektronnyj zhurnal «Koncept». - 2017. - № V7. - 0,3 p. l. - URL: <http://e-kon-sept.ru/2017/170162.htm>.
9. Abdulpattaev S. Ауа райының өзгерісі әлемдік апатқа соқтырады // <https://studfile.net/preview/5427258/page:4>
10. Ұлы дала тұлғалары / Ahmet Bajtyrsynұly. - Алматы: Shapaғat-Nұr, 2013.